

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІ

ИНЖЕНЕР ФАКУЛЬТЕТІ



«Компьютерлік инженерия» кафедрасы

ӘОЖ 004.424

Қолжазба құқында

Жаңабай Құралай

«FLASH» БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗДІГІМЕН ҮЙРЕНУ

6M070400– «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
мамандығы бойынша техника ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін
алуға ұсынылған диссертация

Қаскелең, 2013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІ

ИНЖЕНЕР ФАКУЛЬТЕТИ



«Компьютерлік инженерия» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Жауапты кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор Е.Н. Әмірғалиев

« » 2013 ж.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру департаментінің меңгерушісі,
Ф.ғ.ж. Айдоғду Шабан

« » 2013 ж.

Магистрлік диссертация

«FLASH» БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗДІГІМЕН ҮЙРЕНУ

Мамандығы: 6M070400– «Есептеу техникасы және бағдарламалық
қамтамасыз ету»

Магистрант


(қолы)

Жаңабай Құралай
(аты-жөні)

Ғылыми жетекшісі


(қолы)

т.ғ.д., профессор Ниязи Ари

Қаскелең, 2013

АҢДАТПА

Дайындалғандиссертацияның негізгі мақсаты: Оқушылардың Flash бағдарламасын үй жағдайында өздігімен меңгере білуіне мүмкіндік жасау.

Оқу құралы ретінде веб-сайт дайындалды. Веб-сайт видео сабақтар, практикалық жаттығулар және өз білімін тексеретін тесттерден құрастырылған.

Оқушы сабақ уақытында сол күнгі сабақты дұрыс түсінбеген жағдайда немесе белгілі себептермен қатыспаған болса, оқушы бос уақытында қосымша сабақ ретінде оқу құралын қолданып дайындала алады.

Видео сабақтар оқу бағдарламасына сай бекітілген тақырыптарға түсірілген. Тақырыптар кіші топтарға бөлініп оқушыларға оқу материалдарын меңгеруін тездетуге және оңайлатуға мүмкіндік жасап, ең маңызды, керекті жақтары алынып және оларға жақсы мысалдар беру арқылы түсіндірілген.

Нәтижеде оқушылар оқу құралын пайдала отырып Flash бағдарламасына деген қызығушылығы артты. Олар өздігімен түрлі анимациялар, ойындар және кіші мультфильмдер құрастыруға қабілеттері ашылды.

АННОТАЦИЯ

Основная цель подготовленной диссертации: обеспечить самостоятельную работу учеников с программой Flash в домашних условиях.

В качестве учебного материала подготовлен веб-сайт. Веб-сайт состоит из видеуроков, практических занятий и из тестов, предназначенных для самостоятельной оценки своих знаний.

В случае, если ученик пропустил занятие или не освоил урок полностью, он может в свободное время пользоваться учебным материалом и готовиться самостоятельно.

Видеоуроки сняты по утвержденной теме согласно учебной программе. Темы разделены на группы, что дает возможность ученикам ускорить усвоение учебных материалов и оптимизировать процесс обучения, и все разделы разъяснены по приведенным примерам.

В итоге, используя учебный материал, у учеников повысился интерес к программе Flash. Они самостоятельно стали составлять разные анимации, игры и мультфильмы.

ANNOTATION

The main aim of this thesis paper is to provide students with opportunity to study and use Flash at home.

As a tutorial was created a website which contains video lessons, practical exercises and self tests.

If a student did not understand the given topic of school material for that day or he/she did not participate at the classes due to certain circumstances then he/she can use this tutorial as an additional class and prepare at home.

Video lessons are made according to the topics that are given in the curriculum. Topics are divided into small groups and explained with the most important and relevant information with examples so that students could learn the course material more quickly and easily.

As the result, students got more interested in Flash after this tutorial. Now they have abilities to create animations, games and short cartoons by themselves.

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ.....	6
КІРІСПЕ.....	7

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1 Оқытуды ұйымдастыру түрлерінің даму тарихы.....	8
1.1 Батыс Еуропадағы орта ғасырдағы тәрбие және мектеп.....	8
1.1.1 Орта ғасырдағы мектептердің пайда болуы.....	8
1.1.2 Қайта өрлеу дәуіріндегі педагогика және мектеп.....	9
1.2 Егеменді Қазақстанда оқытуды ұйымдастыру түрлерінің даму тарихы.....	12
1.2.1 Отандық ғалымдардың ғылыми-педагогикалық зерт-теулерінің негізгі бағыттары.....	12
1.2.2 Қазақстанның білім мәселесі кеше, бүгін, болашақта.....	13
2 Жаңа ғасырдағы білім беру технологиялары.....	18
2.1 Қазіргі заман талабына сай білім беру.....	18
2.2 Оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасы.....	22

ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

1 Macromedia Flash технологиясына жалпы түсінік.....	25
2 Microsoft Expression Web.....	34
2.1 Expression Web –ке кіріспе.....	34
2.2 Web-бетті құру.....	37

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

1 Оқу құралына түсінік.....	59
-----------------------------	----

ҚОРЫТЫНДЫ.....	63
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	65
ҚОСЫМШАЛАР.....	66

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылғандай, үстіміздегі жылы білім беру саласын модернизациялау жалғасатын болады. Яғни, барлық білім беру мекемелері, сонымен қатар барлық жұмыс орындары мен халыққа қызмет көрсету орындары толық компьютерленетін болады. Сондықтан компьютерлік технологияларды орта буын мен жастардың түгелдей меңгергені абзал. Жолдауда айтылғандай алдағы жылдары білім мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейі жүзеге асырылады. Әрбір Қазақстан азаматы дүниежүзілік білім мен ғылым стандарттарына сәйкес білім алуы тиіс және осының барлығы тікелей жаңа инновацияларды ендірумен, жаңа технологияларды меңгерумен байланысты болып отыр.

Дайындалған диссертацияда мектеп оқушыларының сыныпта немесе үй жағдайында Flash бағдарламасын меңгеруі қарастырылған. Яғни оқушы сабақ уақытында сол күнгі сабақты дұрыс түсінбеген жағдайда немесе белгілі себептермен қатыспаған болса, оқушы бос уақытында қосымша сабақ ретінде оқу құралын қолданып дайындала алады.

Диссертацияның негізгі мақсаты: Оқушылардың Flash бағдарламасын үй жағдайында меңгере білуіне мүмкіндік жасау.

Жұмыс объектісі – Видео сабақтарды түсіру және жаттығуларды ұйымтастырып жинақтау арқылы веб-сайт құру.

Жұмыстың негізгі мазмұны: Бірінші бөлімде жаңа ғасырдағы білім беру технологиялары, қазіргі заман талабына сай білім беру, оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасы қарастырылады.

Екінші бөлімде веб-сайтты оқу құралын ретінде қарастырып, онда қолданылған технологиялар туралы түсінік беріледі. Flash бағдарламасына анықтама беріледі. Негізгі оқу құралын құрастырушы бағдарлама ретінде WebExpression бағдарламасымен сайт құру қарастырылады.

Үшінші бөлімде оқу құралы, яғни бірнеше беттен құралған веб-сайт қарастырылады.

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1 Оқытуды ұйымдастыру түрлерінің даму тарихы

1.1. Батыс Еуропадағы орта ғасырдағы тәрбие және мектеп.

1.1.1. Орта ғасырдағы мектептердің пайда болуы.

Құлдық қоғамның ыдырауы және құлауы оны жаңа феодалдық құрылыспен өзгертуге алып келді. Ал, сөзсіз оның алдындағы құлдық қоғаммен салыстырғанда прогрессивтік сипатта болды (себебі негізгі өндіргіш күш-шаруаның өз шаруашылығы болды, сондықтан да еңбекте құлдарға қарағанда кейбір ынталылық танытты), бірақ феодалдық құрылыстың негізіне феодалдардың, діниелерінің жерге жекеменшігі жатты.

Феодалдық құрылыстың идеологиялық тірегі және ірі саяси күші католиктік шіркеу болды. Ол орта ғасырлық батысевропалық қоғам өмірінде ерекше роль атқарды. Шіркеу бұқара халықты басты-даншуды жақтап отырды.

Католиктік діниелері ертедегі мәдениетке қарсы болды: ғылымға, өнерге, мектепке;

Манастырлардың жанында манастырлық мектептер, шіркеулердің – приходтық мектептер ашылды. Ең алдымен ол мектептер діни адамдарды дайындады. Бұл мектептердің мұғалімдері – монахтар мен діниелері оқитын ер балаларды христиан дінінің және адамгершіліктің рухында тәрбиелеуді, оларды оқуға және жазуға олар үшін жат латын тілінде оқытты, құдайға құлшылық ету латын тілінде жүргізілді. Бұл мектептерде оқыту өте қиын, әрі ұзақ болды. Балаларды үлгермегені және аз-кем тәртіпті бұзғаны үшін шәкірттерді өте ауыр дене жазасын беріп отырды.

Епископтің соборы мен кафедрасының жанынан кафедралық немесе собор мектептері жұмыс істеді. Бұл мектептерде “жеті еркін өнер” деп аталатын пәндер жүргізілді: грамматика, риторика (шешендік өнері), диалектика (діни философияның алғашқы негіздері), арифметика, геометрия, астрономия, саз өнері. Собор мектептерінде жоғары лауазымды діниелері даярланды.

Феодалдар (рыцарлар) ерекше тәрбие мен білім алды, олар жеті “рыцарлық қасиеттерді” меңгерді: атқа міне білу, суға жүзу, найзалау, садақ ата білу, аңшылық, шахмет ойнай білу, өлең шығару және орындай білу. Оқып, жаза білу міндетті болмады.

Феодалдардың қыздары білімді үйде және әйелдер монастырларында алды, оны оларды діни рухта тәрбиеленді, оқуға, жазуға және қолөнеріне үйретті.

XII-XIII ғ.ғ. Батыс Еуропада қолөнердің, сауданың дамуы және қаланың өсуі қалалық, негізінен светский мәдениеттің пайда болуына көмектесті. Қалалықтар феодалдық езгіге және католиктік шіркеуге қарсы күресті.

Қалаларда қолөнершілер өз балалары үшін цехтық мектептер аша бастады, ал купецтер – гильдейлік мектептер ұйымдастырды. Қала халқының күшімен ашылған бұл мектептерде ана тілінде оқуға, санауға және жазуға ерекше мән берілді.

1.1.2. Қайта өрлеу дәуіріндегі педагогика және мектеп.

XIV-XVII ғасыр тарихқа қайта өрлеу дәуірі деген атаумен енген болатынды. Бұл кезең феодалдық қоғамның ішінде өндірісті капиталистік тәсілінің алғашқы қауымдарының пайда болумен мануфактура мен сауданың дамуымен, сол кездегі прогрессивтік таптық-буржуазияның аренаға шығуымен сипатталады, ол ертедегі дүниенің мәдениетінің жаңғыруымен, оның ішінде грек мәдениетінің өрлеу кезеңімен ерекшеленеді. Сонымен қатар бұл кезең ғылым мен өнердің тез қарқынмен дамуына мүмкіншілік жасады.

Қайта өрлеу дәуірі кезінде өмір туралы діни түсініктерге қарсы жер бетінде көңілді өмірге адам құқығын жариялады. XIV-XVI ғ.ғ. мәдениетте ең негізгі көңіл бөлінген адам болғандықтан, ол гуманистік деп аталды (латын тілінен аударғанда *humanus* – адамды сүю деген мағынаны білдіреді).

Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизм, сөзсіз, прогрессивтік құбылыс болып табылады, бірақ ол салыстырмалы түрде тар шеңбердегі оқыған адамдардың идеологиясы болды және әлеуметтік шектеулі сипатта еді.

Гуманистердің жариялаған “адамға табынуы” адамды сүюі, қастерлеуі тек үстем таптың өкілдеріне ғана кеңінен тарады және бұқара халықтың өкілдерінің ондай мүмкіншіліктері болмады, оларды феодалдар және жаңа қалыптасып келе жатқан буржуазия қатал қанап отырды.

Педагогтар гуманистер дені сау, әртүрлі қызығуларды меңгерген, өмірге белсенді адамдарды тәрбиелеу мақсатын қойды. Олар балалардың дене және ақыл-ой тәрбиесіне ерекше мән берді, ол балалардың шығармашылық белсенділігін, өзіндік іс-әрекетін дамытуға көмектескен болар еді, оларды терең біліммен қаруландырар еді.

Гуманистер айтуынша, оқыту үрдісі көрнекілікке негізделген болу керек және оқушылардың білімді саналы меңгеруін қамтамасыз ету қажеттілігіне тоқталды. Гуманистер орта ғасырға тән таяқ тәртібін, жазалауды қатты орынға ала отырып, қарсылықтарын білдірді, балаларға ерекше көңіл бөлуге, жеке тұлға ретін сыйлай білуге, құрметтеуге шақырды. Тәрбиенің феодалдық жүйесіне, догматизмге және салалардың ақыл-ой күш-жігерін басып-жаншуға қарсылық білдіре отырып, гуманистер педагогтер-гуманистер өз кезеңі үшін алдыңғы қатарлы педагогикалық талаптар ұсынды. Бірақ гуманистік педагогика, басқа да қайта өрлеу дәуірі гуманизмінің барлық мәдени қозғалысы сияқты көпшілік бұқара халықтың мүддесі үшін күресімен байланысты болмады. Оның ықпалы тек ғана ауқатты, үстем таптың балалары оқитын мектептерде кеңінен тарады.

Қайта өрлеу дәуірінде математика, астрономия, механика, жағырафия, жаратылыстану ғылымдары жан-жақты дамуға мүмкіншілік алды. Бұл ғылымның әртүрлі салаларында ұлы жаңалықтарды табу мен ашу кезеңі болды: Еуропада кітап басып шығаруды ойлап табу, Американы ашу Индияға теңіз ашу т.б. ұлы жаңалықтаремн ерекшеленеді.

Әртүрлі елдерде қайта өрлеу дәуірі кезінде педагогикалық ой-пікір әртүрлі дамыды, әр елдің дамуының ерекше белгілерін бейнеледі.

Мәселен, Италияда античный философияның белгілі білгірі, гуманист Витторина да – Фельтре (1378-1446) “Қуаныш үйі” деп аталатын мектеп ұйымдастырды.

Бұл мектепті ұйымдастырудың негізіне гуманистік педагогиканың қағидалары жатқызылды.

Мектеп тамаша сарайда, табиғат аясында ашылды. Ғимараттың барлығы мектептің қажеті үшін Виттаринаның айтуынша арнайы қайта жабдықталған болатын-ды. Орта ғасырлық мектептерден айырмашылығы жаңа мектепте жарық пен ауа көп болды. Әсіресе, оқушылардың дене тәрбиесіне ерекше мән берілді. Оқытудың негізгі пәндері болып табылатын классикалық тілдер және классикалық әдебиет, балалар математикамен, астрономиямен айналысты, табиғатқа экскурсия жасады. Балалардың ойындарына, дене және рухани күштерін дамытуға көңіл бөлінді. [1]

Барлық балаларға тегіне қарамастан, әкелік қамқорлық жасады. “Қуаныш үйі” үстем тап өкілдерінің балаларына арналғанмен, онда аз мөлшерде болса да, кедей балалары оқып, білім алды.

Гуманизм идеялары Италиядан Францияға енді.

Қайта өрлеу дәуірі педагогикалық ой-пікірінің көрнекті қайраткерлерінің бірі француз жазушысы-гуманисі Франсуа Рабле (1494-1553) болды. Өзінің белгілі “Гаргантюа және Пантагрюсель” атты романында орта ғасырлық схоластикалық тәрбиені қатты сынға алды және оған бала үшін тәртіппен ойластырылған гуманистік тәрбиені, жан-жақты тәрбие беруді, өз бетімен ойлауды дамытуды, шығармашылықты және белсенділікті қарсы қоя білді.

Рабле романда кароль қалай өз баласы Гаргантюаны тәрбиелеу үшін ғалым-схоластыларды шақырғандығы, олар баласын бәрін жаттауды талап еткендігін әңгімелейді. Ол мүмкіншілігі келгенше кейбір схоластикалық кітаптарды басынан аяғына дейін, одан керісінше айтып бергендігі, нәтижесінде ештеңе де білмей шыққандығы айтылады.

Содан кейін әкесі схоласт-мұғалімдерді қуып жіберіп, орнына гуманист-мұғалімдерді шақырған болатын-ды, олар біршама өзгерістер енгізді. Гаргантюа көп уақытын дене жаттығуларына арнады, ғылымдарды дұрыс және бірізді оқып-үйренді. Гаргантюа табиғатты бақылай бастады, табиғатқа серуенге шығып, өсімдіктерді жинап, гербарий жасады; астрономияны аспандағы жұлдыздарды бақылау арқылы зерттеді. Оқу үрдісі әңгіме, кітаптарды оқу, көрнекі құралдарды пайдалану арқылы жүргізілді. Гаргантюа бірнеше саздық аспаптарды ойнай білуге және ән салуға үйренді. Білімді меңгеру саналы іске асты. Рабле оқытудың көрнекілік идеясын жақтаушылардың бірі болды. Ол оқытуды қоршаған ортамен шындықпен байланыстыру туралы кеңестер берді. [2]

Адамзат рухының қайта өрлеуінің тамаша көрінісі болып табылатын жас ұрпақты еңбек іс-әрекеті үрдісінде тәрбиелеу туралы ойды алғаш рет айтқан ағылшын ойшылы-гуманисі Томас Мор (1478-1535). Ал теориялық білім беру теориясын еңбекпен байланыстыру идеясын ұсынған болатынды.

Томас Мор өзінің белгілі “Мемлекеттің дұрыс құрылысы туралы және жаңа қиял аралы туралы Алтын кітабында” (1516) еуропалық ойшылдардың ішінде алғаш рет екі негізгі және маңызды қағиданы ұсынды: адамзат қоғамының көркеюі үшін жеке меншіктің зияны туралы және барлық адамзаттар үшін міндетті өкілді еңбекке қатысу. Автордың фантазиясымен қиял жасалған Қиял мемлекетінде барлық азаматтар еңбектенуге міндетті (күні 6 сағаттан), қоғамдық еңбектің жемісі барлық адамдардың арасында бірдей бөлінеді. Бұл мемлекетте болашақ азаматтарды оқыту жалпы әрбірдей және міндетті, бұл жерде баланың жынысына қарамастан толық тең құқықты.

“Барлық ерлер мен әйелдердің бір ғана ортақ ісі бар, - деп жазды Т.Мор, - ол жер шаруашылығы, одан ешкім де бас тарта алмайды. Оған балалық кезеңнен бастап оқиды, кейбіреулері мектепте теорияны меңгеру барысында жақында қалаға жақын далада, оған балаларда ойнау үшін шығарады, онда олар көріп ғана қоймайды, сонымен қатар дене жаттығулары арқылы және жұмыс істейді”.

Мордың замандастарына өте маңызды идея болған балаларды тек ғана ана тілінде оқыту идеясы, алынатын білімнің негізінен ғылыми-жаратылыстану мазмұны туралы. Мор дене тәрбиесіне ерекше мән берді, ал дене тәрбиесінің афиналық жүйесін ұстанды. [3]

Өте қызықты да, әрі прогрессивті идеяларды ұсыну да өз замандастарынан көш ілгері болды. Атап айтсақ, оқыту үрдісінде көрнекілікті қолдану және барлық ересектер үшін олардың айналысатын кәсібіне қарамастан әруақытта да өзіндік білім алуан жетілдіріп оытру идеяларын күн тәртібіне қоя білді.

Томазо Капманелланың педагогикалық идеялары оның “Күннің қаласы” деп аталатын еңбегінде айқын байқалады, бұл еңбек белгілі дәрежеде одан дейінгі ойшылдардың ойшыл-гуманистердің, оның ішінде Томас Мордың идеяларын одан әрі дамыту болып табылады.

“Күннің қаласы” – бұл мемлекет қиял мемлекеті сияқты қоғамдық қағидалар негізінде құрылған, міндетті және жалпыға бірдей еңбек және барлық азаматтарға ғылым және өнермен айналысуға барлық мүмкіншіліктер жасалған.

Кампонелла Морға қарағанда, жетілген қоғамда бала тәрбиелеу жүйесін толық қарастырды оның айтуынша, мемлекет жұбайларды іріктерде де мемлекет бақылау жасап отыруы керек, оның мақсаты “ерлер мен әйелдердің үйлесуі дұрыс тұқым беруі керек” деген қағиданы ұстанды.

Кампонелла 2 жастан бастап, балаларға қоғамдық тәрбие берілуі керек, ал 3 жастан бастап дұрыс сөйлей білуге және әліппеге үйрету қажеттігін, көрнекілікті кеңінен қолдануды ұсынды. Осы жас кезінен бастап, балалардың күшейтілген дене тәрбиесін беру, 8 жастан бастап, әртүрлі ғылым негіздерін жүйелі меңгеруге ерекше мән берді. Ғылым негіздерін меңгеруді әртүрлі шеберханаларға қатысу мен ұштастыру, тәрбиеленушілерге техникалық білім беру үшін және болашақ мамандықты саналы тандай білу мүмкіншіліктері үшін қажеттігін атап өтті. 42 жастан азаматтарға әскери дайындықты бастау керектігі, оның жынысына қарамастан, соғыс бола қалған жағдайда әйелдер өздерінің балаларымен қатыса білуі қажеттігін атап көрсетті.

Алғашқы социалистер-утопистердің педагогикалық идеялары прогрессивті педагогикалық теорияландыру одан гөрі қалыптасуына елеулі әсер етті.

1.2.Егеменді Қазақстанда оқытуды ұйымдастыру түрлерінің даму тарихы

1.2.1.Отандық ғалымдардың ғылыми-педагогикалық зерттеулерінің негізгі бағыттары.

Кеңестік педагогика өзінің өмір сүрген алғашқы жылдарынан бастап жас өспірімдерді оқыту және тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу ізденістерін жүргізді.

Ғылыми-педагогикалық мекемелердің қызметінің басты қағидасы мұғалімдермен, мектептің практикалық жұмысымен тығыз байланыс болды. Жаңа педагогиканың теориялық қағидалары мен идеяларын насихаттауды байқау мақсатында үлгі-тәжірибе мектептері мен станцияларының жүйесі құрылды, олар ғылыми-педагогикалық қызметтің экспериментальдық базасы болды. 60-70 жылдары жүргізілген педагогикалық зерттеулер жүйесінде партияның “СССР педагогикалық ғылымдар академиясы қызметінің негізгі бағыттары туралы” қаулысында (1969) айқындалып берілген бірнеше басты бағыттар көрсетіліп берілді.

Бұл жылдары әдіснамалық жалпытеориялық сипаттағы зерттеулер орындалды. (Ф.Ф.Королевтің және В.Е.Гмурманның ред.басқаруымен “Педагогиканың жалпы негіздері”, М.А.Даниловтың, Н.И.Болдыревтің “Дидактика негіздері”, А.И.Пискуновтің, Г.В.Воробьевтің ред.басқаруымен “Педагогикалық эксперименттің теориясы мен практикасы”, Б.П.Есиповтың ред.басқаруымен “Педагогикалық зерттеулердің әдістері”).

Ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс педагогика ғылымы дамуының негізі мен бағыттары анықталды, оның ұғымдық жүйесі реттелді.

Педагогиканың теориялық терең зерттеудің қажеттілігі олардың зерттелмегендігі көп жағдайда нақтылы теориялық-әдіснамалық зерттеулердің әлсіз әдіснамалық қаруланғандығына байланысты анықталады.

Оқыту мен тәрбиенің мазмұнын, әдістерін, түрлерін және тәсілдерін одан әрі жетілдірудің мәселелері педагогика ғылымында өзектілері.

Кеңес мектебінің тарихында оның дамуының әрбір кезеңі бағдарламалық-әдістемелік қайта құрумен органикалық ұштасады. Жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау мектепте білім берудің мазмұнын модернизациялаумен және оқу-тәрбие үрдісін одан әрі жетілдірумен бірлікте іске асты.

Педагогика ғылымының қайраткерлері мұғалімдермен ынтымақта мектепте оқу-тәрбие үрдісін қайта құруды негіздеді, практикалық тұрғыдан қамтамасыз етті.

Оқытудың мазмұны және әдістері ғылыми-зерттеу институтының алдына ғылымның, техниканың және мәдениеттің қол жеткен даму деңгейіне сәйкес мектептегі білім берудің мазмұнын келтіру міндеті қойылды.

Дидактиканың жетістіктеріне негіздей отырып, ең алдымен дамыта оқытудың теориялық негіздеріне сүйене отырып, әдіскерлер 60-70 жж. мектеп

бағдарламалары үшін оқу материалын іріктеу қағидасын талдады, оларды ғылыми-техникалық жетістіктермен және қоғамның қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен сәйкестендіруге алып келді, ғылымдардың ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық арақатынасын орнатты, орта оқу орындарының әртүрлі типтерінде жалпы білімдік даярлықтың бірыңғай деңгейінің жалпы негіздерін анықтады.

Оқытудың мазмұны мен әдістері мәселелерін іргелі және қолданбалы зерттеулерді одан әрі дамыту үшін жан-жақты тәжірибелік-экспериментальдық материал жинақталды. Дидактикалық-әдістемелік мәселелерді зерттеуге ерекше үлес қосқан М.Н.Скаткинді, И.Д.Зверевті, Ю.К.Бабанскийді, М.П.Кашинді, В.В.Краевскийді, И.Я.Лернерді, В.М.Монаховты, Б.Г.Разумовскийді, Г.И.Беленькийді, Н.М.Шанскийді және басқа ғалымдарды ерекше атауға болады.

60-70-жылдары негізделген әдістерін түсінуге және оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге көмектесетін ұйымдастыру-педагогикалық шаралар мен әрекеттер жүйесі белсенді талданылды (И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, А.М.Матюшкин), оқытудың жаңа техникалық құралдарын кешенді қолданудың әдістемесі (С.Г.Шаповаленко) және оқыту әдістерінің тиімді ұштасуын тандау (Ю.К.Бабанский).

Тәрбие саласында зерттеу жұмысын қорытындылай келіп, бұл жылдары оқытудың тәрбиелік қағидасы теориялық және практикалық жағынан дами түсті (В.М.Коротов); тәрбие әдістерін кешенді қолдану идеясы дами түсті (Б.Т.Лихачев, Г.Н.Филонов); тәрбие үрдісін тиімді басқару туралы қағида талданылды (Ю.К.Бабанский); педагогикалық ынталаландыру мен түрткілер теориясы мен әдістері (Л.Ю.Гордин, З.И.Равкин); адамгершілік тәрбиесінің әдістері одан әрі талданылды (Н.И.Болдырев, И.С.Марьенко, О.С.Богданова).

Еңбек тәрибесі және кәсіптік бағдар беру мәселелері өте терең талданылды. П.А.Атутовтың, С.Я.Батышевтің, К.А.Ивановичтің, М.Н.Скаткиннің, Д.А.Эпштейннің және басқа да ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, зерттеушілер оқушылардың еңбегінің мазмұны мен ұйымдастыру проблемаларын шешудің ерекше тиімді жолдарын анықтады.

Оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру жас және педагогикалық психологияның проблемаларын зерттеуге тікелей тәуелді болып табылады.

60-жылдары мектептегі оқытудың тәсілдері мен оқушының дамуының арасындағы байланысы анықтады. Бұл зерттеулердің нәтижелері Л.В.Занковтың басшылығымен жүргізілді ІҮ сыныптан бастап, ғылым негіздерінбір жүйелі зерттеуге көшуді қамтамасыз ете отырып, тәжірибеге белсенді енгізілді.

Бұл жылдары оқыту мен тәрбиелеудің оздыру сипаты туралы идеяға ерекше мән берілді. В.В.Давыдов пен Д.Б.Элькониннің жетекшілігімен оқушылардың білімді меңгеру мүмкіншілігі зор.

1.2.2.Қазақстанның білім мәселесі кеше, бүгін, болашақта.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Оның бүгінгі өресі биік өскелең мәдениетінің түп төркіні сонау VI – VIII ғасырлардағы Орхон –Енисей

ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Бүкіләлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама әл-Фараби бабамыздан бастап, түркі тілдес халықтарға ортақ өшпес асыл мұра қалдырған орта ғасыр ойшылдары: Баласағұни, Қашқари, Йассауи трактаттары, сондай-ақ Алтын Орда дәуірінің даналары: Хорезми, Сараи, Дулати, Жалайри, Әбілғазы, т.б. еңбектері - қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ асыл қазыналар. Ал Асан қайғы, Жиенбет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Майлықожа т.б. сол сияқты күміс көмей, жез таңдай ақын- жыраулардың әр түрлі өмір құбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, тіршілік тынысы туралы терең толғаныстарының, дана өсиеттерінің қазіргі жастардың білімі мен тәрбиесіне берер пайдасы, қосар үлесі қаншама.

XIX ғасырдың аяқ шені қазақ жерінде саяси- әлеуметтік, мәдени – ағартушылық идеялардың өркен жайып, қоғамдық санаға жаңа ғасырға тән өзгерістер ендіре бастаған екпінді де елеулі жылдар болды. Осыдан жүз жыл бұрынғы ғасырлар тоғысындағы қазақ қоғамында орыстың социал-демократтары ықпалымен және атақты Шоқан, Ыбырай, салған ізбен халықтың мәдени – экономикалық, әлеуметтік жағдайын көтеру мәселелері өз жалғасын таба берді. Осы тұстағы қоғамдық санада көрініс берген ағартушылық қозғалыс туралы «Қазақстандағы педагогикалық ой- пікірлер антологиясы» былай дейді: «Дала өлкесіне әлеуметтік - демократиялық идеялардың жаңа толықыны кіріп, аймақтарда педагогикалық ой-пікірдің жеңіл дами бастаған кезі еді».

Бұл қазақ даласындағы араб, татар тілдеріндегі оқулардың, діни білімнің көңіл көншітпей, қазақ жастарының қазақ және орыс тілдеріндегі мектептерге ұмтыла бастаған, жаппай ояну үрдісі белең алған тұс болатын. Осынау мәдениет майданында оқу – ағарту ісінің алатын орны айрықша. Қазақ қоғамының бұдан жүз жыл бұрынғы ұлттық мектепке деген сұранысы ұлттық мектептің жаңа үлгісін жасауда ізденістер жасап жүрген бүгінгі сұранысымыз бен қажеттілігіміз арасындағы ортақ сарынды, ұқсастықты, сабақтастықты байқатады.

Ежелден тағдырлас, көршілес болып келе жатқан Ресей жеріндегі 1905 жылғы саяси оқиғалардан ел ішінде түрлі толқулардың болып тұрғаны тарихтан белгілі жай. Оның ықпалы қазақ еліндегі мәдени қозғалыстарға да тиіп отырған. Патша өкметінің ағарту саласындағы саясаты қарапайым халықты қанағаттандыратын емес еді. Тарихи деректерге дер салсақ, 1911 жылы Ресей халқының 19-20% сауатты болса, қазақ жеріндегі сауаттылар саны одан да төмен болды. Ресейде жан басына шаққанда білім алуға 56 тиын жұмсалса, қазақ елінде одан 4 есе төмен, яғни жан басына 14 тиын ғана бөлінді. Орта есеппен алғанда 1913 жылы Қазақстанда 157 орыс-қазақ мектебі болса, олардың әрқайсысындағы оқушылар саны 50-ден аспайтын. Әйткенмен, бұл цифрлар қазақ жерінде білім беру ісінің болғандығын дәлелдеп, оның қыры мен сырын тереңірек аша түсуге мүмкіндік береді.

Қазақ топырағындағы алғашқы мектептердің негізін салушы, дала қоңырауы, қазақ шамшырағы атанған Ы. Алтынсарин десек, оның пионерлік ісі Қазақстанның сол кездегі барлық болыс, уездерінде өз жалғасын тауып

отырған. Ағартушылық істі ақындық, жазушылық өнермен өрнектеп, журналистік, қайраткерлік, ғалымдық қабілетімен шебер ұштастыра білген.

Адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының, оның педагогикалық көзқарастарының алар орны өз алдына бір төбе. Озық мәдениеттің жарық жұлдыздары ХХ ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлерімен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Халел, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мыржақыптардың ұлттық дәстүрді өз туындыларының негізгі арқауы еткен педагогикалық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесе үндесіп жатқандығы белгілі.[4]

Қазіргі мектеп қандай болу керек? Бұл өте ауқымды мәселе. Бізге, Адамды – тәрбиелеп, өсіретін қоғамды жөндей алатын, өркениетті демократиялық қоғамның үлкен азаматын қалыптастырып шығаратын мектеп қажет. Ең алдымен, біздің мектептер бойына сіңгенқатыгездік пен бұйрықшыл ниеттерінен айырылып, оқушының жеке қара басына, яғни оқу-тәрбие ісін жекешелеу (дифференциялау) ісін жоғары көтеру керек қой деймін. Балаға, оның тағдырына жауапкершілікпен қарау, өзін сыйлау, денсаулығын биологиялық – генетикалық жағдайы, психологиясын білу мұғалім үшін парыз. Бір сөзбен айтқанда, баланың адамгершілік құқығын сыйлау, онымен санасу керек.

Оқу – тәрбие ісінде қоғамдық пайдалы еңбекті дамыту қажет. Ең алдымен еңбек дегенде - оқушының өздік ойлау қабілетін, түйсігін дамыту үшін білімді өз бетінше істеуге, өз бетінше білім алуға дағдылануы қажет. Біздің оқушыларымыздың көпшілігінің ойлау қабілеттері төмен.

Оқутәрбие - ісін ізгілендіру әсіресе тіл- әдебиет, тарих, эстетикалық бағыттағы пәндердің берілуін кеңейту. Жалпы, баланың бойына инабаттылық, адамгершілік, әсемдік, эстетикалық дүние таным әліппелерін дамыту болашақ мектептің түп қазығы болуы керек. Қазіргі таңда мектептің рөлі ерекше. Ол үшін жоғары оқу орнынан бастап балбақшаға дейін оқу тәрбие жұмысы өзгеруі қажет. Оқулықтар, әдістемелік көмекші құралдар халқымыздың ғасырлар бойы жиған асыл қасиеттерінен нәр алуы керек болады. Әр пәнде халықтық тәрбиенің негізгі болғаны жөн.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» тағылымын басқұжат ретінде ұстау қажет. Иmandылық, адамдық парасат, даналық, осылар ұлт мектебінің негізінде болуы қажет.

Әрине ұлттық шеңберде тоқталып қалмай әлемдік педагогиканың асыл қазыналары да мектептің қайнар көзі болуы шарт. Болашақтың мектебі оқушының көз қарасымен қалыптасып, оның құқымен тығыз байланысты болуы керек. Сонымен қатар ол мектеп бірнеше сатылы және әр бағыттағы әр салалы болғаны жөн. Оқушы өз білім дәрежесіне сай, жүрек қалауымен мектебіндегі пәнге, мұғалімге, сүйген мамандығына баруға тиісті. Оқи жүріп, қолы босында еңбек ету үшін болашақ тұрмыс, өмір сүру жағдайларын ойластыру керек.

Осыған орай, мысалы: физика, химия, биология, астрономия, география сабақтарында практикалық-лабораториялық сағаттарды көбейту керек. Әр пәнде бүгінгі алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтар, ғылымның ұшқындары

болуы қажет. Немесе ғылымтану (науковедение) курсы мектепте жүргізу керек.

Сонымен қатар, мұғалімдердің өздері жоғары дәрежелі - әр ғылым саласынан терең түсініктері болуы шарт.

Ой - өрісі жоғары дамыған оқушылар үшін ерекше мектептер сыныптар қажет. Ол үшін ең алдымен жоғары дәрежелі мұғалімдер ұжымы қажет. Оны шешудің жолдары: мектептегі алдыңғы қатарлы (әсіресе жастар) мұғалімдер мен педагогикалық институттың ғалымға бейім студенттері бірлесен ошақтар құру. Білімге, ғылымға өнерге ынтасы бар балаларды педагогикалық психологиялық әдістер арқылы бөліп, сол оқушыларға әр түрлі жағдайлар жасау қажет.

Ең алдымен алған пәндері бойынша ғылымның әр саласынан оқушыларға дәріс беру. Бұл жерде қазіргі болсын, бұрынғы болсын қатып қалған тәртіптен айырылу қажет. Сыныппен еркін, тығыз табиғи байланыста болған жөн. Мейірбандылық, имандылық шарттарын сақтай отырып, оқушыларға еркіндік беру керек. Жолдастарыңмен қалай қатынас жасасаң, оқушыларыңмен сондай қатынаста болған жөн.

Өздік ойлауға, өздік ізденіске, білім алуға үйрету де назардан тыс қалмаса болғаны. Мұндай іс-әрекетке әзірге арнаулы мектептерде қол жетуі мүмкін. Яғни, гимназияларда, лицей, медреселерде. Соның өзінде ең алдымен оқушының тіл, сөйлеу мәдениетіне, ерекше мән беріп, соны аударуға көңіл бөлу қажет.

Дегенмен дәл бүгінгі мектептегі білім беру тәрбие жүйесі бүгінгі талапқа кеңінен жауап бермейді. Ол үшін ең жоғарғы оқу (педагогикалық жоғары оқу орындарының) бағдарламасы мен бағытын өзгерте отырып, бүгінгі, болашақ жаңа тұрғыдағы мектептердің мұғалімдерін оқытудың жаңа әдістерімен таныстырып, дайындап шығарса болар еді. Бүгінгі институттар мен университеттерді бітіріп шығып жатқан мамандар техника тілін, компьютер, бүгінгі саясат пен экономикалық түсініктер тұрғысынан келсек көңілден шыға бермейді. Кейбір жағдайларда оқушыларымыз ұстаздарға қарағанда жоғары тұратыны байқалады. Оқушының білгенін ұстазы білмей тұрса, не оған түсініп жауап бере алмай тұрса мұғалімге қандай бедел қалмақшы?

Келесі білім жетілдіру институтының ролінде өзгерту қажет сияқты. Білім жетілдіру институтында оқытудың жаңа технологиясы кафедрасын құру керек. Я болмаса, лаборатория ашу керек те оны алдыңғы қатарлы ғалымдармен, әдіскерлермен қамтамасыз етіп, көпке ұсыну қажет. Яғни, жоғары оқу орны – мектеп-білім жетілдіру институтының тығыз қарым-қатынаста болу керектігін өмірдің өзі мойындап отыр.

Мұғалімдер білімін жетілдіру институты сондай-ақ алдыңғы қатарлы жаңашыл мұғалімдердің лабораториясын құрып, олардың іс-әрекет-әдістерін екшеп, тексере отырып, құнды жақтарын мектептерге таратып, өзіміздің мектептерге педагогикалық ғылымның табыстарымен, жаңалықтарымен, әдістерімен қамтамасыз ету қажет.

Тағы бір айта кететінн мәселе - тіл мәселесі. Әрине, егеменді мемлекеттің мемлекеттік тілі болмайынша ол мемлекеттің болуы мүмкін емес. Сол себептен тілді үйрету проблемасы қазақ мектебі үшін де, орыс мектебі үшін де ерекше орында тұр. Өкінішке орай соңғы кезде тек қана қазақ тіліне ден қойып, басқа тілге көңіл аудармау тенденциясы өсіп келе жатқандай. Біріншіден, ең алдымен барлық қазақ ана тілін өте жақсы білуі тиіс. Тіл білмесе ол өзінің тарихын да, мәдениетін де, дәстүрін де білуі мүмкін емес. Әсіресе, орыс мектебінде оқитын қазақ балаларына тіл үйрету проблемасы ерекше ойландыратын жайт.

Техникалық құралдарсыз ЭЕМ компьютерлерсіз тілді тез үйренуге болмайды. Бірақ ол болашақтың ісі. Тіл біздің ең бірінші проблемамыз болуы керек. Өйткені оның қорлығын көрдік, әлі де көріп отырғанымыз белгілі.

Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, өзекті мәселелерден туған қайшылықтар, ұлттық деңгейде қалуды көтермеуі, ғылыми-білімнің түрлі салаларында әлемдік іс-тәжірибені оқып-үйренудің қажетті шарт екенін дәлелдеуде.

Сондықтан әр түрлі елдер мен халықтардың экономикалық көрсеткіштерін, әлеуметтік – саяси жүйесін, мәдениет моделін салыстырмалы түрде оқып үйрену қызығушылық тудырады. Түрлі ғылым саласындағы мамандар бүгінгі өркениетті нарыққа өту кезеңінде, республикадағы білім беру саласының әлемдік білім беру кеңістігіне еруге қадам басу шағында, әлемдік мәдениет пен ұлттық мәдениетті біріктіре оқыту мен тәрбиелеу мақсатын көздеуде. Сол себептен білікті мамандар өздерінің шетелдік әріптестерінің кәсіби іс-тәжірибесін зерттеуге, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін талдауға, озық ойлы идеяларын өз ұлтының менталитетіне сәйкестендіруге, өз іс-тәжірибелерімен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға ұмтылыс білдіріп, алғашқы қадамдар жасалуда. Сондай салалардың бірі – білім беру саласы болып табылады. ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған сәтте білім беру саласы күрделі өзгерістерге ұшырауда. Білім беру саласы әлеуметтік инфрақұрылымның бірден- бір мәнді, динамикалық элементі болып келеді. Дегенмен де, барлық әлемде де білімберу саласы қандай да бір жағынан, қандай да бір түрде дағдарысқа ұшырауда. Қаншалықты дамыған ел дегенімізбен де әр елдің білім беру саласы қандай да бір мөлшерде қазіргі цивилизацияның талаптарына сай жауап бере алмауда. Сол себептен де білім беру ісін реформалау шартты.

Өркениетті елдердің бәрінде де білім беру ісін реформалау әлеуметтік саясаттың маңызы құрамды бөлігі болып табылады. Оған үкімет, парламент, қоғамдық және халықаралық ұйымдар белсене кірісуде. Реформалау көп аспектілі (салалы). Олар білім беру ісін басқаруды қайта құру және оның функцияларын жергілікті, аудандық, орталық өкіметке қайта қарап бөлумен, оқу орындарының жаңа типтерін құру, оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістерін модернизациялаумен сипатталады. Жаңарту не қайта құру балабақшадан жоғары оқу орындарына дейінгі білім жүйесінің барлық саласын қамтуда. Қазір республикамызда білім саласында демократияландыру мен

ізгілендіру жүріп жатқандықтан, соңғы кездерге дейінгі дағдарыстан шығудың альтернативті жолдары көрсетілуде.

Сондай жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдың бірі – білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы, тұтас педагогикалық үрдістегі өзгерістермен тығыз байланысты. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, (білім мазмұнын жетілдіру, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерге көшу, т.б.) жаңаша ойлау қалыптасуда. Бұрынғы кезде тұлға бойында кездесетін жағымсыз қасиеттер қатарына жататын (үнемшілдік, өзіндік «мен», т.б.) қасиеттер нарық жағдайына байланысты қажет болуда және көпшілік, қоршаған орта оларды дұрыс қабылдауға дағдыланған, т.с.с.

Дегенмен де, жаңарту үрдісі үлкен қиындықтарға ұшырауда, экономика, мәдениет, ғылым және әлеуметтік қатынастардағы динамикалық өзгерістерге көп жағдайда ілесе алмайды. Барлық жердегі не барлық кезде де реформалау терең теориялық базаға негізделе бермейді. Олар эмпирикалық үрдісте білім берудің жаңа жолдарын іздестіруде өзіндік «қысқа ғұмырлы» сынақпен не қайта жөндеу қиынға түсетін қателермен аяқталып жататыны сирек құбылыс емес. Әрине, бүгінгі күнде республикамызда білім беру саласындағы жүріп жатқан реформалау сондай – деген ой туғызудан аулақпын. Бұл жалпы қазіргі кездегі білім беру ісінің даму тарихына туған ой.

Кейбір кезде «реформалау» терминінің мәні асығыс және жан-жақты, терең ойластырылмаған «аққан жұлдыздай» жарқ етіп жоқ болатын жаңалықтармен шатастырылады. Мысалы, қазіргі мектептердегі тәрбие жұмыстары мен оны ұйымдастыру әдістемесін айтуға болады. Республиканың әр түпкіріндегі әр мектептердің әрқайсысында әртүрлі қоғамдық ұйымдардың құрылуы және ғұмырының қысқа болып қалуы. Неге? не себептен екен деген ойлар мазалайды.

Бұрынғы жүйедегі деп «октябрыт», «пионер», «комсомолдың» орнын басарлықтай ұлттық менталитетке икемделген әлемдік мәдениетке, қазіргі балалар психологиясына сәйкес нәрсе ойлап табылмағаны ма, әлде жекеленген авторлардың жұмыстарының сапасының төмендегенінен бе? деген сұрақтарға кім жауап береді және қашан?

Біздің ұландарымызды сыныптан тыс жан- жақты ойластырылған, бір жүйеге келтірілген тәрбие ұйымдары арқылы қашан тәрбиелейді? Ертең аға буынға «соншама селсоқ болғаныңыз не?» деген сұрақ қоймасына кім кепіл. Мұнан шығатын қорытынды: білім саласындағы реформалау ісі әлі де болса оқу мен тәрбие үрдісін тұтас педагогикалық үрдіс деп қарай алмай тұрғандай.

2. Жаңа ғасырдағы білім беру технологиялары

2.1. Қазіргі заман талабына сай білім беру

Қазіргі заман талабына сай білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі белгілі.

Осы орайда оқушылардың танымдық қабілетін дамыту, білім сапасын арттырумен қатар ақыл-ой шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін жеке пәндерді оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіру, қазіргі білім беру саласының алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

«Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болшағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті» деп көрсетілген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында. Сондықтан еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы-жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет. Білім мен тәрбие ажырамас егіз ұғым. Ұлы данышпан Әл-Фараби «Тәрбиесіз берген білімнің күні қаран» деген сөзі осынын дәлелдесе керек. сондықтан бүгінгі ұрпақтарға, білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымсыздың тығылым қағидаларын жеке тұрғыда үйретіп, игерудің маңызы зор. Себебі, бүгінгі бала ертеңгі ата-ана, бала тәрбиелеуші, халық өкілі, ел намысын қорғаушы, ата- бабалардың ісін жалғастырушы мәңгілік күш. сол себепті жалпы білім беретін орта мектептерде бұл мәселені жолға қою, яғни егеменді елімізге қазақ қоғамын қалыптастыру – басты міндет.

Парасатты да саналы азамат болу үшін бүгінгі таңдағы жас ұрпақтың білімін терең әрі жан-жақты болғанына не жетсін. Елбасы 2030 жылға арналған бағдарламасында жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, оны дамытудың ерекшелігі айтылған. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияның түрін, қолдану ерекшелігін ендіруді міндеттеп отыр. Ал инновация дегеніміз – белгілібір жүйедегі ішкі өзгерістер. Педагогикалық инновация дегеніміз – педагогикалықжүйедегі жаңашылдық.

Сабақ оқытудыұйымдастырудың негізгі түрі. Демек, әрбір сабақ оқу үрдісіндегі шешуші буын, сондықтан ол- оқытуды жетілдіру, қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыратын орталық, сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, дамуды керек ететін, даму үстіндегі сапалы оқуды іздестіретін үрдіс. Осыған орай, оқыту барысында әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп практикасына енгізілуде:

- Іскерлік ойын технологиясы
- Проблемалық және интеграциялап оқыту;
- Шаталовтың интенсивті оқытуы;
- Дьяченконың ұжымдық технологиясы
- Эрдниеvtiң блоктап оқытуы;
- Деңгейлеп оқыту;
- Модульдеп оқыту;
- Дамыта оқыту технологиясы және т.б.

Ал енді жоғарыда айтылған оқытудың педагогикалық технологияларын оқу-тәрбие процесіне біртіндеп енгізетін болсақ, онда білім сапасын арттыруға, оқушылардың дамуына бақылау жасауға, оған сәйкес бағалауға, басқару

тиімділігін жетілдіруге мүмкіндік болатыны дәлелденіп отыр. Сондықтан да бірқатар мектептерде жүргізіліп жатқан тәжірибелердің басты міндеті дәл осындай оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын оқыту процесіне енгізу болып отыр.

Математикалық ойындар – сыныпта жүргізілетін жұмыстардың ең қызықтысы. Ойынның қандайда түрі болмасын өзіне тартады. сыныптағы оқушылардың ойлау қабілеттері бірдей болмайды. Сондықтан да математика сабағына да әр сыныптағы оқушының жас ерекшеліктеріне қарай және білім деңгейіне сай сабақтың түрін тауып, сол тақырыптарды игеруді мақсат ету керек. Бұған оқушылардың қызығушылығын арттырудың бір-көзі – математикалық ойын элементтерін қолдану. Бұл айтып отырған мәселе оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырады. “Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанар оты” деп В.Ф.Сухомлинский айтқанындай ойын ақылды, ойды, тапқырды алғырлықты дамытады. Сабақта ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдылық белсенділігін арттырады. Теорияны практикамен ұштасшытұруға жол ашады. Алайда ойынды үнемі оқу процесінде қолдануға, ұзақ уақыт созуға болмайды. Ойын белгілі бір уақытта жүзеге асырылып, сабақ кездерінде нұқсан келтірмейтіндей жымдасып жатуы тиіс.

Ж.Қараев оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін 4 түрге бөліп отыр:

1. Репродуктивті деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақта алған білімдерінде және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2. Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушылар мұғалімнің түсіндіруімен қабылдағын жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3. Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырманы орындауға оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. Шығармашылық деңгей. Оқушы таза өзіндік дағдысын білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Жаңа тақырыпты балалар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі қажет.

Мен бұл әдісті өз сабақтарымда қайталау қорытынды, жинақтау сабақтарында жиі қолданамын. Әсіресе, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырумен құнды деп есептеймін. Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында өзара бәсекелесе отырып жұмыс істейді.

Іс-әрекеттің ең өнімдісі – 3,4 деңгей, яғни эвристикалық, шығармашылық сатылары. Бұл технология бойынша оқушының осы шығармашылық сатыға жету жолдары тек мұғалім арқылы емес, оқушының өзі, іс-әрекеті арқылы жүзеге асырады. Технологияның негізі де, тиімділігі де осында.

Бала білімін оқушы деңгейінен шығармашылық деңгейге жетелеуде дамыта оқыту, проблемалық оқытудың орны да ерекше. Дамыта оқыту технологиясын қарастыратын болсақ, ол ең алдымен «Нені дамыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздестіруіміз керек.

1. Сезімін, түйсігін.
2. Қабылдауын, тұшынуын, ынтасын.
3. Зейінін, еске ұстауын.
4. Ұғынуын.
5. Ойлау, қиялдау, болжау қабілетін.
6. Ерік қайратын.
7. Оқу, іс-әрекетін, дағды, машықтарын.
8. Жауапкершілігін, дербестігін, өз бетінше ізденісін дамытады.

Модульдік оқыту технологиясының артықшылықтарына мына төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Оқу мазмұнының мақсатының алдын-ала қойылуы, нақтылануы оқу нәтижесін бағалаудың объективтілігін арттырады;
2. Оқушының пәндер бойынша барылық класстағы оқу-танымдық қызметінің мазмұны мен структурасын анықтайтын оқу процесінің жобасы жасалады;
3. Дидактикалық процестің бүтіндей берілуі іске асырылады;
4. Педагогикалық қызметтегі мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының, өзара түсіністігінің жаңа жүйесі қалыптасып интерактивтік әдістеме жүзеге асырылады;
5. Инновациялық қызметтің ұйымдастырылуының жаңа формасы мен оның негізгі принциптері жасалады;
6. Бұл жүйе оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын тұрақтандыруы тіпті оны көтеруі де мүмкін;
7. Оқу пәнін танып-білу, оқушылардың танымдық-шығармашылық қызметінің белсенділігін арттыратын дидактикалық модуль жасалады;
8. Мұғалім – шығармашылық жұмысқа-ақпараттық дамытушы модуль жасауға төселеді.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Мектеп керектері» деген еңбегінде былай деп жазған: «...мұғалім қандай болса, мектеп нем сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шығады. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі-білімді педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім ».

Қазіргі мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиенің соңғы тәсілдерін игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді шығармашыл педагог-зерттеуші, сондай-ақ интегративті ойлауға қабілетті ойшыл мұғалім қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев мемлекетіміздің болашақ дамуына арналған «Қазақстан 2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және ғаламдануы арқылы мәдениет жасауға, интеграцияға ерекше мән бергені белгілі. Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастылығында оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті қазіргі кезде алдымызға қойылған мәселелердің бірі болып табылады.

Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру оқушылардың танымдық қызығуы мен білім сапасын арттырумен қатар, бір сабаққа бірнеше оқу пәндері мақсатының бірігуіне мүмкіндік береді. Бұл әр пәндік мазмұнды қосып біріктіріп жіберу немесе бірнеше пәнді бір пәнмен алмастыру емес, әрі пәндік құрылымды жоққа шығармайды, керісінше, оған қондырғы ретінде қызмет етеді.

Жалпы қарастыратын болсақ Интеграция дегеніміз-пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру. Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіреді. Пәндердің өзара байланыс деңгейі оқушылардың білімін зерттеу, талдау, жүйелеу сияқты негізгі дидактикалық міндеттер арқылы шешіледі. Мұғалімдердің тәжірибесінде жиі кездесетін интеграцияны жүзеге асырудың жолы- сабақтарды бір мұғалім арқылы жүргізіп, бірнеше пәндер бойынша біріккен сабақтар білімнің жинақталуы яғни әр түрлі пәндерден алған білімдерін синтездеу.

Демек, бүгінгі мектептің мақсат-міндеті әр оқушының жеке тұлғалық қадамына жол ашу болып отыр. Мұндағы бар салмақ мектеп айнасы болып есептелетін мұғалім иығына түспек. Мектеп, білім берусаласындағы мақсат, міндеттер мұғалім санасынан, мұғалім жүрегінен шықпайынша, белгілі бір нәтиже береді деп айту артық болады.

Баланы дарынды, бойында күш-қуаты жеткілікті екендігіне сендіру ұстаз бойындағы құдіретті күш. Өйткені, сенім үлкен жеңіске жетелейді. Терен біліммен қоса сапалы тәрбие беру – әрбірұстаздық абыройлы борышы.

2.2 Оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасы

Оқыту әдісінің мәні, әдіс және тәсілдерінің арақатынасы. Қалай оқыту керек? дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Әдіс – жоспарланғанмақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат – мазмұн – форма – оқыту әдісінің құралдары» көрсетеді.

Әдіс (гректің *metodos*) деген сөзінен алынған, табиғат құбылысын және әлеуметтік өмірдің жағдайын зерттеу немесе таным жолы, құбылыстарды оқып білу жолдарын, әдіснамалық теория танымы мен шындықты зерттейтін тәсіл. Философия әдісті белгілі түрде іс-әрекетті ретке келтіретін, мақсатқа жету тәсілі ретінде қарастырады. Тұтастай алғанда, әдіс-практикалық және теориялық әрекеттерді шындығында менгеруге бағытталған нақты міндеттерді шешудегі операциялардың, бірдей тәсілдердің жиынтығы.

Педагогтар оқыту әдісі туралы тусінікті әр түрлі етіп дәлелдеді. Біреулері оны «танымды басқаға беру әдісі» (Д.И.Тихомиров) немесе мұғалімнің іс-әрекеті мен әдіс-тәсілі (Н.В.Ельницкий) деп қарастырса, С.А.Ананьев оқыту әдісін «білім беру тәсілдерінің үйлестіру жиынтығы» деп көрсетеді.

Оқу-танымдық іс-әрекетіне сәйкес оқыту әдісі құбылыстың мәнін танып білудегі әдіс-тәсілі ретінде қарастырады. Осы түсініктегі әр түрлі

дефиницияларды негізге ала отырып, мынадай тоқтамға келеміз: оқыту әдісі – бұл оқушы мен оқытушы арасындағы жүйелі, өзара байланысқан білім мазмұнын меңгеруге арналған іс-әрекет жүйесі.

Оқыту әдістері – тарихи категория, олар білім беру мазмұны мен мақсатының ауысуына байланысты өзгереді. Америкалық педагог К.Керр оқыту әдіс сапасындағы төрт «төңкерісті» бөліп көрсетеді (1972). Біріншісі – үлгі болып табылады мұғалім – ата-аналар кәсіби мұғалімдерге орын берді, екіншісі – ауызша сөздерді жазбашаға ауыстырды, үшіншісі оқуға баспа сөздерін кіргізді, төртіншісі – осы кезде болып жатқан автоматтандыру мен компьютерлендіру оқыту процесіне енгізуді болжады.

Оқыту әдісінің маңызды белгісі – дидактикалық мүмкіндіктер. Егер осы тәсілмен жоқ дегенде бір дидактикалық мәселені шешетін болсақ, мұның өзі оқыту әдістемесі. Егер іс-әрекет әдісі қосымша болатын болса, онда біз тәсілмен жұмыс істейміз. Оқыту тәсілі – әдіс элементі, оның құрама бөлігі, әдістің көлемі бойынша кішігірім, құрылымы бойынша жай болатын болса, онда әдісті және’ әдіс модификациясын орындау жолындағы өзгеше қадам болып табылады. Әдіс пен тәсіл арасында өзара ауыспалық байқалады. Беріліп отырған пәннің мазмұнына қарай әдіс тәсілге, тәсіл әдіске айналуы мүмкін. Сөйтіп, барлық графикалық бейнелер пәндері үшін- тәсіл болып табылады (қосымша әрекеттер).

Әдіс пен тәсілдің байланысын кітаппен жұмыс кезінде байқауға болады.

Қазіргі дидактиканың ең бір көкейтесті проблемасы – оқыту әдісін классификациялау болып отыр. Әдіс классификациясы – нақтыбір белгілер бойынша ретке келтірілген жүйе. Көптеген авторлар оқыту әдістемесінің негізіне түрлі белгілерді келтіргендіктен, классификацияның алуан түрлері бар. Дәл қазіргі кезеңде бұл сұрақ төңірегінде нақты тоқтам жоқ. Дидактика тарихы ең алғашқы классификацияны 1920 ж. оқыту әдісінің екі категориясын бөліп көрсеткен Б.В.Всехсвятский атымен байланыстырады. Ол бірінші категория дайын білімді беру, екіншісі – зерттеу әдісі екендігін ашып көрсетті. Зерттеу әдісінің атқарар жүгі алғашқы категорияға қарағанда ауырлау болды. Оқытудың зерттеу әдісі білімді шығармашылық тұрғыдан қабылдауды және оны қолдануға педагогикалық классификацияның жоғарғы деңгейін талап етеді. Бүгінде оқыту процесі көптеген классификациялармен толықтырылды, оқыту әдісі – уақыт өткен сайын өзгеріп отыратын және негізгі үш белгісімен (оқыту мақсатын білдіреді, меңгеру тәсілі, оқыту субъектісінің өзара байланысы) сипатталатын тарихи категория екендігін дәлелдеді. Қазіргі кезде мына ғалымдардың классификациялары кеңінен қолданылуда: Бабанский Ю.К., Верзилин Н.М., Перовский Е.И., Голант Е.Я., Лордкипанидзе Д.О., Махмутов М.И., Лернер И.Я., Скаткин М.Н. т.б


Оқыту әдісінің классификациясына айтылған әр түрлі көзқарастар «әдістер теориясының дағдарысын» білдірмейді, керісінше олардың әдісті объективті, айқын көптүрлілігін, ол туралы білімінің интеграциясы мен дифференциясын табиғи процессін білдіреді.

Сонымен қатар оқыту әдісі классификацияларының басымдылығымен қатар кемшілігі де бар және бір әдіс белсенді, бір әдіс белсенді емес деген тұжырым қате болар еді. Оқыту әдісінің өздігінен аса бейтарап екендігін түсіну қажет. Ол барлығы мұғалімнің мектептегі оқу-танымдық іс-әрекетке қаншалықты дайын екендігіне байланысты болады. Көбінесе әдістер саласында педагогтардың жеке басының шеберлігі үлкен рөл атқарады. Сондықтан да оқыту әдісі педагогикалық өнердің биік шыңы болып келді және ары қарай да солай болып қала бермек. Мектептің оқу-танымдық іс-әрекетінде оқыту әдісі түрлі когнитивті функция ролін атқарады, олар: оқу материалын меңгеру, оны бекіту, білім-білік дағдыларын жетілдіру, олардың тұлғалық қасиетін дамыту, әлеуметтік-кәсіби іс-әрекетке дайындау.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

1 Macromedia Flash технологиясына жалпы түсінік

Flash технологиясы Shockwave Flash (SWF) форматында қолданылатын векторлық графикаға негізделген. SWF құрушылары, графиканың тамаша мүмкіндіктерімен, олармен жұмыс жасайтын құрал жабдықтарды, (шыққан нәтижені WEB – бетке қоса алатын механизмді тиімді пайдалана отырып, үйлесімді өнім таба алды. SWF-тың тағы бір ұтып тұрғаны, бұл форматты кез-келген платформада қолдануға болады, яғни MacOS операциялық жүйесімен басқарылатын Macintosh компьютерлері мен Windows ОЖ бар IBM компьютерлері). SWF – да құрылған бейнелерге анимация ғана қолданып қоймай оларды интерактивті элементтермен және дыбыспен де әрлеуге болады. Осындай қосымша қасиеттерінің арқасында SWF форматы топ әрлеушілерінің ризашылығына ие болып, қолданысқа кіріп кетті. Macromedia отбасында дүниеге келгеннен-ақ, бұл форматқа Internet Explorer және Netscape Communicator топ браузерлеріне арналған компоненттері (Plug-In) жасалды. Ал бұл, SWF-тың бүкіләлемдік торда одан әрі атышулы болуына септігін тигізді. Нәтижесінде бұл браузер құрушылары SWF-ті қолдайтын компоненті өз өнімдерінің ядросына қосып қоятынын жария етті. Бұл бастаманы бағдарламалармен қамтамасыз ететін тағы да басқа өндірістер қолдап әкетті (мысалға, Adobe фирмасы). Macromedia фирмасы SWF форматын қолайлы құралдармен, қарапайымдылықпен жабдықтағандықтан, аталмыш формат өзінің табынушыларына бай. Негізінде, бұлай жабдыкталған құралдар жетерлік. Олардың қайсібірі мультимедиалық презентация жасауға бағытталса (Macromedia Director Shockwave Studio), келесі бірісі графикалық бейнелерді дайындауға бағытталған (Macromedia FreeHand и Macromedia Fireworks), ал үшіншілерімен интерактивті оқу курсы дайындауға болады. (Macromedia Autorware және Macromedia CourseBuilder). Дегенмен, топ беттерін құрушылардың арасында Macromedia Flash көп қолданылады, өйткені тек осы өнім ғана, топ бетін аяғына дейін әрлей алады. Ал жақсы әрленген бет әрине көпшіліктің көңілінен шығады. Интернет пайдаланушылардың жақсы көретіндігінен болар, бұл өнімді жай ғана Flash деп атайды.



1-сурет. Flash бағдарламасының интерфейсі

Сонымен Flash технологиясының құрамына не кіреді соны көрейік:

- Векторлық графика;
- Анимацияның бірнеше түрін қолдайды;
- Интерфейсте интерактивті элементтер жасауға болады;
- Импортталған графикалық форматтарды қолдайды (оның ішінде растрлық) [5];
- Flash фильмдерін HTML форматында ғана емес, интернетте қолданылатын кез-келеген форматқа көшіруге болады;
- Платформалық тәуелсіздік;
- Flash фильмдерді автономдық түрде де, тор браузерінде де көруге болады; сөз етілген Flash құрамын жеке-жеке талқылап өтелік.

Қазіргі кезде тор беттерін әрлеуге көбінесе растрлық графика қолданылады. Оларға GIF (Graphics Interchange Format, ақпарат алмасуға арналған графикалық формат), JPEG (Join Photographic Experts Group – Біріккен бейне эксперттерінің тобы) және PNG (Portable Network Graphics – Жылжымалы графикалық формат) жатады. Растрлық графика нүктелер жиынтығы (пиксель - pixel) арқылы сипатталады. Бұл нүктелер бір-бірімен байланыста болғандықтан, олардың әрқайсысының түсі мен координатын анықтау керек. Жай ғана мысал, екі-ақ түсті (ақ қара) бейнені сипаттаған кезде, әр пиксельдің түсін беру үшін екілік санау жүйесін пайдаланады: 0 – қара, 1 – ақ. Ал, 256 түсті бейнені сипаттаған кезде енді әр пиксельге 8-дік санау жүйесін қолданады ($256=2^8$). Суреттің сапасы жақсы болу үшін, әр пиксель үшін 24 разрядқа дейін қолданылады. Растрлық бейнелердің тағы бір кемшілігі – бейне

сапасы, пайдаланып отырған монитор пиксельдерінің өлшеміне де байланысты. Яғни кей мониторларда суреттің сапасы әдемі болып тұрса, екінші жерде ол ондай қасиеттен айырылады. Сапасы нашар суреттердің пикселін көбейтуге арналған бағдарламалар болғанымен олар да бұл проблеманы толық шеше алмайды. Ал енді векторлық графика туралы сөз айтсақ... Векторлық графика – орналасуын математикалық формулалар арқылы сипаттайтын қисықтар жиынтығынан тұратын бейне. Мысалы, кез-келген шеңберді бейнелеу үшін 3-4 сан ғана керек, радиус, центр координаттары, сызық қалыңдығы. Осыған байланысты, векторлық графика растрлық графикаға қарағанда бірнеше артықшылықтарға ие:


- Математикалық формулалармен сипатталған суреттер, растрлық графикаға қарағанда жадыда аз орын алады.
- Бейнені өзіміз қалаған кез-келген масштабқа сапасын жоғалтпай, өзгертуге болады.
- Кез – келген платформаға еш «қатесіз» көшіруге болды.

Әрине, векторлық графиканың өзіне тән кемшіліктері болады, мысалы, реалға жақын суреттерді бейнелей алмаймыз. Мұндай мәселені шешімі, жан-жақты қанағаттандыратын ортақ бір келісім керек. Мінекей, Flash авторлары осы шешімді тиімді пайдаланды: тор бетін құру кезінде сіз тек қана векторлық емес растрлық бейнелерді де импорттауыңызға болады [6].

Жоғарыда айтылғандай Flash-тің мақсаты, графика мен анимацияға толы интерактивті тор беттерін құру болып саналады. Жоғарыда айтып өткендей Flash-ті тамашалау үшін екі түрлі жол бар, біріншісі WEB броузер арқылы, екіншісі Flash фильмді басқа форматқа ауыстыру арқылы. Flash арқылы фильмді құру және өзгерту кезенді автор, FLA форматындағы файлдармен жұмыс істейді. Бұл бағдарламалау ортасының тек өзіне қатысты форматы, және бұл форматты басқа бағдарламалар «түсінбейді». Тор броузерлерінде фильмді көру үшін, SWF форматына экспорттау керек. Бұл форматты Internet Explorer, Netscape және Opera броузерлерінің соңғы нұсқалары қолдайды, немесе арнайы Flash-плеер арқылы ойнатуға болады. Бұл плеер, Flash редакторының құрамына кіреді. Flash фильмін ойнатудың екінші түрі Windows Media Player арқылы. Бұл үшін, Flash фильм AVI форматына экспортталуы керек. (2-сурет) Бірақ, фильм көлемі он есе, кейде 100 есеге дейін көбейіп кетеді. Экспорттау кезінде фильм өзінің сапасын жоғалтады, сондықтан бұл тиімсіз болып есептеледі. Flash фильмін көрудің тағы бір жолы, фильмді GIF форматына көшіру. Бұл экспорттаудың да екі түрі бар, біріншісі фильмнің әрбір кадрын gif форматына өзгерту болса, екіншісі бірақ gif файлын құру. Flash фильмін броузерде тамашалаудың екі жолы бар:

- Фильмді SWF форматында сақтап, файлды тышқанның көмегімен броузер терезесіне қоямыз;
- Фильмді редакторда HTML форматқа экспорттауға болады.
- Flash – ті тор бетінде қолданудың бірнеше түрі бар:

- Анимацияланған батырма, қолданушының іс-әрекетіне байланысты жұмыс атқарады. Оған гиперсілтеме жасап қоюға, немесе басқан уақытта белгілі бір іс-әрекетке бастама болатындай етуге болады;
- Тор бетіне қолданушыдан ақпарат алу үшін қолданылады;
- Жарнамалық баннер.



2-сурет. Flash фильм AVI форматына экспортталуы керек

Flash пен жұмыс істеу кезінде көптеген терминдерді кездестіреміз, сондықтан Flash-ті түсіну үшін осы технологиямен таныс болайық.

Кез-келген Flash фильмін құратын кезде объектті-бағытталған жолды қарастырамыз. Бұл дегеніміз, кез-келген объект өзінше бір объект болып саналады, оның өзіне тән қасиеті және тек сол объектіге ғана қатысты болатын іс-әрекеттер болады. Мысалы, «мәтін» объектісі үшін, оның өлшемі, түсі, жазылу, көріну түрі болады. Оны көшіруге, өшіруге, қиюға, оларды гиперсілтемеге айналдыруға болады. Басқа объектілер туралы да дәл осылай айтуға болады. Объект деген түсініктеме, символ (Symbol) көп жағдайда терминімен сипатталады. Символ дегеніміз, объектінің анықталған қасиеттері бар, шаблон. Символ, символдар кітапханасында (Library) сақталып, бір фильмде бірнеше рет қолданыла алады. Әрбір символдың жаңа көшірмесі символ дарасы (Instance) деп аталады. Бұл дараның қасиетіне қолданылған өзгеріс кезінде, кітапханадағы басқа да даралардың қасиеті автоматты түрде өзгереді. Фильмде түрлі объектілер қолданылады. әр элементтің іс-әрекетін сипаттау үшін, оларды әр қабатқа (Layer) орналастырады. Flash құрушылары бұл қабатты түссіз қағазбен салыстырады. Осындай қағаздарды жинап сіз

сахналық қойылым жасай аласыз. Қойылым (Scene) – Flash пен жұмыс істеуде кездесетін тағы бір термин. Әрбір қойылым қандай да бір анықталған қабаттар байланысынан тұрады. Жай фильмдер үшін, бір қабаттан тұратын жай ғана қойылымнан жасайды. Күрделі фильмдер әр түрлі дайындалған қойылымдардан тұрады. Бір қойылымнан екіншіге өту уақыт диаграммасын емес, басқа механизмді пайдаланды. Әйтпесе олар, орналасқан реті бойынша ойнала береді. Фильм егер көрік пен тартымды күрделі құрылымдардан ерекшелену керек болса, ActionScript пайдаланылады. Күрделі фильмдер құру кезінде клип (Clip немесе Movie clip) өте маңызды орын алады. Клип – бұл символдың арнайы түрі. Бұл мини-фильмге арнайы уақыт диаграммасы құрылады және жеке параметрлері қондырады (мысалы, кадрлар алмасу жиілігі). Клипті, фильмін басқа да элементтері тәрізді, кітапханаға, тағы да қолдану үшін, қосып қоюға болады. Әрбір дарасы үшін, есім беруге болады. Windows – қа арналған бағдарламаның көбісінде, оны жүктеген уақытында автоматты түрде, бос дайын шаблон терезесі ашылады. Мысалы Word процессорын жүктеген уақытта, бос құжат ашылады. Бұл жерге сіз мәтін, графика немесе сурет қоя аласыз. Flash-та да, дәл осылай ұйымдастырылған. Алғаш жүктеген уақытта, автоматты түрде, жаңа фильм құратын (дәлірек айтсақ алғашқы қойылымын жасау үшін) терезе ашылады. Егер керек болса, автор фильмнің параметрлерін өзгерте алады. Жалпы параметрлерін қондырғаннан кейін фильмнің алғашқы қойылымын жасай беруге болады. Объектілердің орналасу тәртібін анықтап алғаннан кейін оларды рет-ретімен әрбір жаңа қабатқа орналастыра беруге болады. Қабат параметрлерін өзгерту фильмді құрудағы ең бір жауапкершілікпен қарайтын бөлім. Фильмдегі қабаттар (яғни, объектілер) бір-бірімен байланысып тұратындықтан, келесі бір қабатты сипаттағаннан кейін, алдындағы қабаттарды қайта жөндеу керек болады. Мұның еш қиындығы және қорқыныштылығы жоқ, бұл Flash бағдарламасына таңсық емес. Жаңадан қойылатын объекті кітапханадан алуға болады немесе жаңадан құруға болады. Flash сізге ойыңызда тұрған бейнені экран бетіне салу үшін барлық құрал жабдықтармен қамтамасыз етеді. Бір бейненің объектілерін басқа суреттерден импорттап алуға болады. Құрылған фильмді немесе жасап болып отырған іс-әрекеттің жұмысын тексеру үшін, Flash тестіден өткізіп отыруға мүмкіндік береді. Әр жасалған өзгерістен кейін сақтап алып отыруды ұмытпаңыз. Фильммен жұмыс жасап болғаннан кейін ойланыңыз сізге бұл фильм неге керек? Егер тор бетіне салу үшін болса, онда жүктелу уақытын ескеруді ұмытпаңыз. Бұл үшін Flash бағдарламасының арнайы уақытқа тестілейтін қосымшасы бар.

Macromedia Flash технологиясын қолдану арқылы кадрлық анимация жасауға болады. Ол үшін әртүрлі кадрларға әртүрлі объектілерді орнату арқылы қолжеткізуге болады. Жаңа мазмұнға ие болатын кадр кілттік деп аталады.


- Уақыт шкаласын қолдану.

Уақыт шкаласында кадрларда қарап шығудың арналған екі режим бар. Flash ролигі 100-деген кадрлардан тұруы мүмкін. Сонымен қатар уақыт шкаласын жеке терезеге алмастырып, оның түрін өзгертуге болады.

Жаңа құжат жасалғанда уақыт шкаласында бірнеше ұяшықтардан тұратын қабат та көрінеді. Уақыт шкаласындағы алғашқы кадрда маркер көрінеді. Ал қалған ұяшықтар сұр түспен беріледі. Қарамен ерекшеленген маркері бар кадр кілттік деп аталады. Ал сұр ұяшықтар аралық кадрлар болып табылады. Бос кілттік кадр боялмаған маркермен, ал ішінде мазмұны бар кілттік кадр боялған маркермен белгіленеді. Аралық кадрлар диапазонының соңғы кадры бос тікбұрышпен ерекшеленеді. Кілттік кадр жасаудың екі жолы бар (3-сурет):

1. Insert → Timeline → Blank Key Frame (Қою → Уақыт шкаласы → Бос кілттік кадр)

2. Insert → Timeline → Key Frame (Қою → Уақыт шкаласы → Кілттік кадр)



3-сурет. Кілттік кадр жасау

Алғашқы жолмен жасалынған бос кілттік кадрдың ішінде ешқандай мазмұн болмайды. Ал 2-жол бойынша өзіне дейінгі кілттік кадрдың мазмұнымен толтырылған кілттік кадр жасалады.

- Бір қабаттың кадрларын басқару кадрларды көшіру, өшіру, қою командасы қарапайым жолмен іске аспайды. Ол үшін Edit менюінде арнайы командалар бар. Сонымен қатар Flash программасы ерекшеленген кадрларды уақыт шкаласының басқа жеріне көшіруге де мүмкін береді.
- Бір кадрды көшіру үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз:
 1. Уақыт шкаласында 3-кадрды ерекшелеңіз.

2. Негізгі менюден Edit→Timeline→Copy Frames командасын or Ctrl+Alt+C пернесін басыңыз.
3. Ерекшеленген кадр буферге көшіріледі.
4. 4-кадрды шертіп оны ерекшелейміз.
5. Edit→Timeline→Paste Frames командасын or Ctrl+Alt+V пернелерін басыңыз.
6. Көшірілген кадрлардың тағы 1-еуін 5-кадрдың мазмұны 3-кадрдың мазмұнымен алмастырылады.
7. Көшірменің тағы 1-еуін 12-кадрге қоямыз.

Роликтің ұзындығы өскенінен жылжымайтынын ескеріңіз.

Жылжыту арқылы кадрлердің орнын ауыстыру үшін төмендегі әрекеттерді орындау керек:

1. Уақыт шкаласында 5-8 – кадрларды қамтитын диапазонды ерекшелік (Shift+5-кадр-8-кадр)
2. Тышқан курсорын ерекшеленген диапазонға алып барыңыз. Курсор төрт бұрышы бар тілше түріне келеді.
3. Ерекшеленген кадрларды шертіп, оларды жылжытамыз. Ерекшеленген кадрлардың орны жарықтанып қалады да, айналасында рамка пайда болады.
4. Ерекшеленген кадрларды роликтің соңына қою үшін оларды соңғы анықталған кадрға дейін жылжытып апарып, курсорды босату керек. Ролик соңында 5- кадрдың мазмұны бар қосымша кадрлар пайда болады.
5. Роликтің басына осы диапазонды апару үшін оны жылжытып апарып 1-кадрге қою жеткілікті.[7]

Flash – фильмінен Web-бет ашудың екі тәсілі бар. Сахнада мәтіндік белгілеп, оны сілтемеге айналдыруға болады. (URL Link (URL – ге сілтеме) өрісіне URL – адрес енгізу арқылы). Одан басқа, басқа Web-бетке өту үшін инструкция құруда Action Script тілін қолдануға болады. Екі әдіс те шолушының басқа терезесінде немесе ағымдағы терезенің басқа фреймінде файл ашуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде дыбыстық қостау көптеген web-тораптардың бөлімі болып табылады. Macromedia Flash бағдарламасында дыбысты фильм ойнағанда да, басқа да әрекеттерде де фондық әуен ретінде жобаға енгізуге (қоюға) болады.

Flash-фильмге дыбыс қою үшін дыбыстық файлды кітапханадан импорттап, оның көшірмесін кілттік кадрларға біріктіреміз. Дыбыстық файлдарға қол жеткізу үшін және дыбыстарды синхрондауды басқару Properties (қасиеттер) қосымшасында жүзеге асады. Flash пакетінде дыбыстық файлды өңдеуге болмайды (тек дыбысты күшейтіп, төмендету және қосу, өшіру мүмкіндіктері бар). Дыбыстық файлдарға өзгерістерді басқа программалар көмегімен жүргізуге тура келеді.

Flash дыбысты фильмде қолдану үшін бірнеше жол ұсынады. Сіз, тоқтамай, сюжеттің мазмұнына қарамай, қолданушының әрекетіне жауап бермей ойнап тұра беретін дыбыспен жабдықтай аласыз. Ал проектiңіз одан әрi

қызықты болу үшін әр батырманы басқанда дыбыс шығатындай етуге болады. Және тағы бір жолы, ActionScript сценарийлерін пайдалану. Flash-та дыбыспен қамтамасыз етудің екі түрі бар: оқиғалы басқару (event sound) және ағымды (stream sound). Оқиғалы басқару дыбыс кезінде берілгендер аяғына дейін жүктеліп болғаннан кейін ғана дыбыс оны тоқтатқанға дейін ойнатыла береді. Ал ағымдағы дыбыс үшін, Flash авторларға келесі мүмкіншіліктерді ұсынады: Дыбысты кітапханаларға бөліп қоюға болады, яғни, енді, бір кітапханадағы дыбысты бірнеше фильмдерде қолдануға болады.

Дыбысты, экспортталатын фильмнің сапасы мен көлеміне қарап, параметрлерін өзгертуге болады. Яғни автор, дыбыс сығу жолын өзі тандай алады.

Дыбысты импорттау процесі растрлық және басқа бейнелерді импорттау процесіне өте ұқсас: File→Import→Import to Stage (Файл→Импорттау→Сахнада импорттау) немесе File→Import→Import to Library (Файл→Импорттау→Кітапханаға импорттау) командасын орындау қажет. Содан соң дыбыстық файл ағымдағы құжаттың кітапханасына ауысады. Сосын оның көшірмесін Library (Кітапхана) тақтасынан қандай да бір кілттік кадрға апарамыз.

Дыбыстық файлды импорттау үшін мына әрекеттерді орындаймыз:

1. Дыбыс қоюға қажетті файлды ашыңыз да, негізгі менюден File→Import→Import to Stage немесе «Ctrl+R» пернелері комбинациясын қолданыңыз және де File→Import→Import to Library командасын орындасаңыз файлды импорттаушы стандартты сұхбат терезе пайда болады.
2. Files менюінен қажетті дыбыстық файл форматын таңдаңыз. All Sound Formats (Барлық дыбыстық форматтар) пунктін тандаймыз (бүкіл дыбыстық форматты көру үшін).
3. Өз жүйеңіздегі қатты дискіде орналасқан дыбыстық файлды таңдаңыз.
4. Open (Ашу) батырмасын басқанда дыбыстық файл импортталып, кітапханаға орын ауыстырады.

Дыбыстық файлдар өте үлкен болуы мүмкін. Сондықтан импорттау кезінде Working (Жұмыс жүріп жатыр) сұхбат терезесі шығады. Импорттауды тоқтату үшін Cancel батырмасын басамыз.

Flash бағдарламасы тек дискретті, яғни сандық түрде жазылған не сандық форматқа ауыстырылған дыбыстармен жұмыс жасайды. Ондай форматтар – WAV және MP3. Одан басқа Flash 8 бен Quick Time 4 (келесі версияларында) комбинациясында тек дыбыстан тұратын Quick Time фильмдерін импорттауға болады. Сонымен қатар Sun All және AIFF файлдармен жұмыс істеуге болады. Flash құжатқа импортталған не көшірілген дыбыстар оның кітапханасында болады. [8]

Дыбысты кілттік кадрға белгілер мен растрлық бейнелер сияқты біріктіреміз. Бұл үшін кілттік кадрды тандап (бұрын жасаған құжатыңызды пайдаланыңыз), Library тақтасынан дыбыс көшірмесін сахнаға әкелеміз. Кез-

келген дыбысты сонымен қатар (кітапханадағы) таңдалған кілттік кадрға Properties (қасиеттер инспекторы) қосымшасының Sound (Дыбыс) менюімен қажетті аудиофайлды таңдап қоюға болады.

Құжатыңызға дыбыс үшін жаңа қабат енгізесіз. Дыбыстық файлды сол қабаттың қандай-да бір кілттік кадрында тұрып енгізесіз. Бұл әрекетті Properties (қасиеттер) қосымшасындағы Sound менюінен қажетті дыбысты таңдау арқылы істей аламыз.

Аудиториямен кері байланыс сіздің жұмысыңызды қарағандарға батырмалармен дұрыс әрекеттесуге көмектеседі. Батырмаға дыбыс қою үшін батырма белгісі (дыбыс қоюға қажетті) бар құжатты ашамыз.

1. Library тақтасын ашып, өзгертуге қажетті батырмасын таңдаймыз. ON мен OFF
2. Library тақтасының Options (Параметрлер) менюінде Edit (Түзету) командасын таңдаймыз. Сіз белгіні өңдеу режиміне көшесіз.
3. Батырма белгісінің уақыт шекарасында жаңа қабат (Add Layer (Қабат қосу) батырмасын шертіңіз) қосып, оған Sound деп ат беріңіз.
4. Sound қабатында Over және Down кадрларын таңдап, негізгі менюде Modify → Timeline → Convert to Blank KeyFrames (Өзгерту → Уақыт шкаласы → Бос кілттік кадрға айналдыру) орындаңыз.
5. Бұрын айтып кеткеніміздей Over және Down кадрларына әртүрлі дыбыстарды біріктіңіз.

Әр кадрда толқындық диаграмма бөлігі пайда болады. Қасиеттер инспекторында Sync (Синхронизация) параметрлерінің Went (Оқиға) мәні бар екеніне көз жеткізіңіз.

Құжатты өңдеу режиміне барыңыз. Енді әрбір батырма дыбыстық қызметте болады. Ctrl+Enter арқылы роликті көріп шығуыңызға болады. Сіз тышқан курсорын батырмаға апарғанда Flash Over кадрына енгізілген дыбысты ойнатады. Ал батырманы шерткенде Down кадрларына біріктірілген дыбысты естисіз

Properties (қасиеттер) қосымшасында дыбыс параметрлерінің бірі - Sync (Синхронизация) бар. Бұл параметр Flash-тің фильмдегі дыбысты қалай синхронизациялайтынын анықтайды. Sync параметрінің төрт мәні бар: Event (Оқиға), Start (Басы), Stop (Соңы) және Stream (Ағын). Event мәні үнсіз келісіммен орнатылған.

Оқиғалық дыбыстар уақыт шкаласынан тәуелсіз ойналады. Программа дыбыстың ойналуын фильмнің кілттік кадрларында іске қосады. Оқиғалық дыбыстар дыбыс жолағы аяқталғанша ойналады. Бұл дыбыстың не барлық дыбыстардың ойналуын доғаратын инструкция пайда болады. Ұзақ оқиғалық дыбыстар фильмнің санағыш тілшесі соңғы кадрға жеткенде де ойнай береді. Ал егер фильм циклді болса, онда санағыш тілше оқиғалық дыбысы бар кадрға тағы бір көшірмесі іске қосылады. [9]

2 Microsoft Expression Web

Microsoft Expression Web – визуалды HTML Microsoft-тың веб-дизайны үшін редакторы әрі құралы. Microsoft Expression studio – негізгі бөлігі болып саналады.

Expression Web – интеграциялы XML, CSS, ASP.NET 3.5, XHTML, XSLT және JavaScript сайттарының беттерін құраушы. Жұмыс үшін Net Framework 2.0 өте қажет. Microsoft SharePoint Designer – жақын туыс бағдарлама болып саналады. Expression Web2, PHP және Silverlight – тің толық қолдауына ие.


Microsoft Expression Web – өңдеуші жағынан қосымша мүмкіндіктер туғызу, Expression Web – тің мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасайды.

Microsoft Expression Web – те Web сайттар құру

Microsoft Expression Web – бұл жаңа бағдарлама, кең ауқымдағы визуалды тәсілдерді ұсынады. Microsoft Expression Web – қазіргі кезде каскадты кестелер түрлерімен (CSS) жұмыс істеудің ең жақсы тәсілдерімен қаруланған. Microsoft Expression Web – жұмысын дизайнерлер мен бағдарламаушыларға бірігіп жасау талап етіледі. Бұл бағдарламаның арқасында дизайнерлер керемет сайттар жасауға мүмкіндік алады. Заман талабына сай Web сайтты құрып үйренемін деушілерге арналған кітап, жаңа технологиялар мен бағдарлама тәсілдері жинақталған. [10]

2.1 Expression Web – ке кіріспе


Expression Web – Web сайттар мен Web беттерді редакциялап құруға мүмкіндік береді. Жұмыс аумағы төмендегідей:



4-сурет. Expression Web бағдарламасының интерфейсі

Меню және құралдар панелі


Менюде топтамалар тізімі көрсетіледі. Негізінде офистік бағдарламалармен жұмыс жасаған адам үшін, интерфейс таныс әрекет болып табылады. Менюдің барлық бөліктері құралдар панелінің жоғарғы жағында орналасқан.



5-сурет. Менюдегі топтамалар тізімі

1. Меню тізбесі
2. Меню командасы
3. Құралдар панелі
4. Батырма




Жұмыс панелінің қосымша бетін ашқыңыз келсе, тінтуірді оң жағын басыңыз, керек құралды таңдап алыңыз.



6-сурет. Жұмыс панелінің қосымша беті

Редакциялау терезесі

- 1) Expression Web – тен файлдарды ашу. Қажет деген файл жарық болып тұрады. (Бір терезеден екінші терезеге өту үшін CTRL+TAB не CTRL+SHIFT+TAB клавиштерін пайдаланасыз)
- 2) Терезені жабу үшін X-ті басыңыз.
- 3) Quick Tag Selector – ға HTMLтегіпайдаболады. Қажет тегті ашу үшін, соған барып басып қалу керек.
- 4) Редакциялау терезесі үш түрде бейнеленуі мүкін.

- Дизайн  – дизайнер құралдарын пайдалану арқылы бетті құру немесе редакциялауға болады.
 - Бөлу  – дизайнер және кодтау терезелеріне бірдей мүмкіндік береді.
 - Кодтау  – HTML кодты өзгертуге болады.
- Бір беттен екінші бетке ауысу үшін CTRL+PAGE UP немесе PAGE DOWN

клавиштер жинағын пайдаланады.

Редакциялау терезесінің сыртқы пішінін Дизайн тәрті бойынша өзгертуге болады. Мысалға, фон түсін, элементтерді өзгертуге болады. Ол мынадай тәртіппен жасалады:

- 1) Tools менюіндегі PageEditorOptions-ті басы.
- 2) PageEditorOptions терезесінен Color Coding беттемесінен Design View Settings-ті таңдаңыз.
- 3) Display Items-тен өзгерту үшін қажетті элементтерді таңдайсыз. Артқы және алдыңғы фонның түсін анықтап, мәтіннің стилін сәйкестендірілген тізімнен таңдайсыз: Item foreground, Item background, Font Style Options.
- 4) Қайта қалыпқа келтіру үшін, Reset Defaults батырмасын басыңыз.

Есептер панелі

MS Expression Web-тегі есептер панелі жұмыс жасауға қажетті құралдар арқылы жұмысты тез орындауға көмектеседі. Панель міндеттерін Task Panes – менюінен табуға болады. Бірден бірнеше панель беттерін ашуға болады. Олардың орны мен өлшемін өзгертуге болады. Expression Web-ті ашуда терезеде төмендегідей міндеттер бейнеленеді: Folder List, Tag Properties, Apple Styles және Toolbox.

Toolbox міндеті

Toolbox-ті пайдаланып, HTML – элементтерін бетке көшіруге болады. Мұндағы Expression Web-тің коды, сіздің бетіңіздегі Doc Type-қа байланысты. Мыс: DocType-HTML, BREAK элементін көшірсек, Expression Web -
 - құрайды. Егер DocType-HTML болса, онда Expression Web-
 - ны құрайды.

1. Бұл XHTML-тегтері Toolbox панелінен өзіңіздегі бетіңізге көшіруге болады.
2. Бұл бақылау түрлерін өзіңізге көшіріп алуға болады.

3. ASP.NET элементтерін өзіңізге көшіріп алуға болады.

Folder List панелінің міндеттері

Folder List панелі сіздің веб-сайт пен барлық папкалар тізімін құрайды. Папкаларды ашуға басып алуға және қайта жабуға басуға болады. (Бұл панельге тез кіру мүмкіндігін Alt+F1 пернесі арқылы алуға болады).

- 1) Жаңа папка құру үшін батырмасын басыңыз;
- 2) Жаңа бет құру үшін батырмасын басыңыз.
- 3) Веб-сайт – папкалар негізі болып табылады.
- 4) Папкалар мен беттер сіздің сайтта ағаш кейпінде көрсетілген.

Қалып-күй қатары

Қалып-күй қатары күнделік ті ақпараттардың белсенді орындалуын көрсетеді, олар: редакциялау режимі, орындалу режимі, т.с.с. Сонымен қатар мұнда файл туралы ақпарат көрсетілген, ол көлемі, HTML, сызбасы және CSS сызбасы.

OK кнопоксын басқаннан кейін сайт құрылады, XHTML-файлдармен, стилі, суреттерімен. Папканы Expression Web үлгілерінде орналастыру архивтен орын алады.


2.2 Web-бетті құру

Сайт құру сияқты екі жолмен жасалад: жаңа беттен бастау немесе CSS – үлгілерін пайдалану. Егер де тәжірибеңіз болса бірінші ұсыныспен жұмыс жасайсыз, ал егер CSS-тің қыр-сырын білгіңіз келсе, дайын үлгіден бастаған жөн, ол уақытты үнемдейді.


«Нұсқа (шаблон) арқылы жаңа бетті құру» бөлімінде қысқаша шолу жасалған.

Бос бетті құру үшін:


- 1) Жұмыс істегіңіз келген сайтты ашыңыз, Менюден File→New→Page (7-сурет) командасын орындаңыз. New терезесінде HTML (8-сурет) файлын құру ұсынылады.
- 2) OK-ді басқаннан кейін редакциялау терезесінде бос Web-бет шағады (9-сурет).



7-сурет. Жаңа бос парақ құру үшін File ⇒ New ⇒ Page командасы қолданылады



8-сурет. Диалогтық терезеде HTML-файлды құруды ұсынады




9-сурет. Бос Web-бет редакциялау терезесінде пайда болады

Web-бетпен жұмыс жасау


Беттерді бір-бірімен байланыстырған cсылканы бұзбау үшін, сақтау, ашу, атын өзгерту, тақырыпты өзгерт және бетті өшіру үшін тек Expression Web бағдарламасын қолдану керек.

Паракты сақтау үшін:


- 1) File→Save (Ctrl+S) командасын орындаңыз. Немесе Common құрал-саймандар панелінен Save батырмасын басыңыз (10-сурет).
- 2) Егер бұл сайттағы бірінші сақталып жатқан бет болса, Save As диалогты терезесінде default атымен сақтау ұсынылады. Және де тақырыбы Untitled1. деп беріледі. Егер сіз осымен келіссеңіз Save батырмасын басыңыз (11-сурет).
- 3) Енді Save As диалогты терезесінде сіздің берген атыңыз бен, беттің тақырыбы тұрады (12-сурет). Енгізген өзгерістерді Save батырмасымен сақтап, шығу терезесін басыңыз. Folder List панеліндегі файл тізіміне енгізілген жаңа ат шығады (13-сурет.).




10-сурет. Сақтаудың үш түрі бар



11-сурет. Егер бұл сайттағы бірінші сақталып жатқан бет болса, Save As диалогты терезесінде default атымен сақтау ұсынылады



12-сурет. Save As диалогты терезесінде сіздің берген атыңыз бен, беттің тақырыбы тұрады




13-сурет. Folder List панеліндегі файл тізіміне енгізілген жаңа ат шығады


Парақтың тақырыбын өзгерту үшін:

- 1) Folder List панель терезесіндегі файл атына апарып, тінтуірдің оң жағын басыңыр және контекстілі менюден Properties-ті таңдаңыз (14-сурет.).
- 2) Title аумағындағы General қаттамасына жаңа тақырыпты енгізіп және ОК-ді базыңыз (15-сурет.).

Page Properties резесінде парақ тақырыбынан басқа да аспектілер орындалады, мысалға фон суреті, аудиофайл, түс. Сонымен қатар тақырып пен сілтеме түсін өзгертуге, бірақ ол үшін CSS стилін пайдаланған жөн.[11]



14-сурет. Контекстілі менюден Properties-ті таңдау



15-сурет. Properties-ті терезесі


Парақ қасиеттерін беру үшін:

- 1) Парақты ашып, File→Properties командасын орындаңыз.
- 2) Қажет беттемеге қызықтыратын анықтамалар параметрін беріңіз.
- 3) ОК бетырмасын басып, өзгерістерді қолдану үшін терезені жабыңыз.
- 4) Парақты сақтаңыз (Ctrl+S). Егер сіз сайтқа қосылмаған фонның суретін немесе аудиофайлды көрсетсеңіз, Save Embedded Files диалогтық терезесі шыққанда ОК-ді басыңыз. Негізгі браузерде қалай көрінетінін көргіңіз келсе F2-ні басыңыз.

Парақ қасиеті


Page Properties парағының алты беттемесінен көбіне General (жалпы) және Formating(форматтау) беттемелері пайдаланылады.

- General беттемесінде парақ тақырыбы(атауы) беріледі (16-сурет): Page Description аумағы (парақ бейнеленуі) және Keywords (тірек сөздер) парақты индексациялау үшін ізденіс жұмыстарын еске түсіреді. Қазіргі кезде іздеу үшін парақтап, бірақ аумақ парақ үшін пайдалы қызмет ретінде қалады. Аудиофайлға тапсырыс бергіңіз келсе, Browse (шолу) батырмасын басыңыз және де оны файл жүйесінен таба аласыз.




16-сурет. General беттемесінде парақ тақырыбы(атауы) беріледі

